

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 84-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынылған ақпаратты жинақтасын және құқықтық актілер қабылданған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2020 жылғы 18 маусымдағы
№ 84-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

--	--	--	--	--	--

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Нормативтік құқықтық актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1.	"Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат беру қағидаларын және күдікті операцияны айқындау белгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 1484 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
2.	"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
3.	"Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 1217 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІІМ	2020 жылғы қыркүйек	А.Р. Заппаров
4.	Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҚК (келісу бойынша)	2020 жылғы қыркүйек	Н. Д. Білісбеков
5.	Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҚК (келісу бойынша)	2020 жылғы қыркүйек	Н. Д. Білісбеков
6.	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Басқарма қаулысы	ҚНРДА (келісу бойынша), Қаржымині	2020 жылғы қыркүйек	Н. А. Әбдірахманов
7.	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және орталық депозитарий үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Басқарма қаулысы	ҚНРДА (келісу бойынша), Қаржымині	2020 жылғы қыркүйек	Н. А. Әбдірахманов

8.	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру брокерлері үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Басқарма қаулысы	ҚНРДА (келісу бойынша), Қаржымині	2020 жылғы қыркүйек	Н. А. Әбдірахманов
9.	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында қор биржасы үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Басқарма қаулысы	ҚНРДА (келісу бойынша), Қаржымині	2020 жылғы қыркүйек	Н. А. Әбдірахманов
10.	"Қаржы мониторингі субъектілерін жұмыскерлерді даярлау және оқыту бойынша қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 533 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
11.	Қаржы мониторингі саласындағы тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бірлескен бұйрығы	Қаржымині, ҰЭМ	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
12.	Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беру қағидаларын және күдікті операцияны айқындау белгілерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині, Әділетмині, МСМ, ҰБ (келісу бойынша), ҚНРДА (келісу бойынша)	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
13.	"Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін жасау және оны мемлекеттік органдардың назарына жеткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 576, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 962, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 11-1-2/539, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 6, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік	Қаржымині, Әділетмині, БП (келісу бойынша), СІМ, ҰҚК (келісу бойынша), ПІМ	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов

	комитеті Төрағасының 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 17 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 34 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	комитеті Төрағасының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірлескен бұйрығы			
14	Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінен қылмыстық жазасын өтген жеке тұлғаны алып тастау туралы құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардың қорытындысын дайындау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірлескен бұйрығы	Қаржымині, Б П (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), ИМ (келісу бойынша)	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
15	"Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген жеке тұлғаға өзінің тіршілік-тынысын қамтамасыз етуі үшін қаражат төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 613 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
16	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында қаржылық емес сектор үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
17	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
18	"Нотариустарға арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 531 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 11	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бірлескен бұйрығы	Қаржымині, Әділетмині		Қ.Е. Баеділов

	желтоқсандағы № 360 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы			2020 жылғы қыркүйек	
19	"Ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушыларға арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 527 және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 112 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бірлескен бұйрығы	Қаржымині, МСМ	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
20	"Ақша аударымы қызметін көрсететін почта операторларына арналған қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 499 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 182 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бірлескен бұйрығы	Қаржымині, ЦДИАӨМ	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
21	"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем ұйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 27 қазандағы № 532 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қазандағы № 262 бірлескен бұйрығымен және қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бірлескен бұйрығы	Қаржымині, Ұ Б (келісу бойынша)	2020 жылғы қыркүйек	Қ.Е. Баеділов
	"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар күзететін Қазақстан Республикасының объектілерін қоспағанда, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жағдайына және олардың басшыларының	Қазақстан Республикасы Ішкі			

22	Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды сақтауына бақылау саласындағы тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 582 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы	істер министрінің бұйрығы	ІІМ	2020 жылғы қыркүйек	А.Р. Запбаров
----	---	---------------------------	-----	---------------------	---------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ҰҚК – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЦДИАӨМ – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі